

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2026-155-2-219-230>

ХҒТАР 17.07.41  
Ғылыми мақала

Г.Ж. Ильясова<sup>1\*</sup>, А.Д. Өлтай<sup>2</sup>, Г.Қ. Рахымбаева<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>3</sup>Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: gulden.zhetkergenqyzy@gmail.com, akzhol777@mail.ru,  
gaukhar.gaua78@gmail.com)

## М. МАҒАУИННІҢ «ШЫҢҒЫС ХАН» ДЕРЕКТІ ТАРИХИ ХИКАЯСЫНДАҒЫ БАЯНДАУ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Аңдатпа.** Мақалада М.Мағауиннің «Шыңғыс хан» деректі тарихи хикаясының бірінші кітабының баяндау ерекшелігі нарратология ұстанымдары негізінде талданады. Зерттеудің мақсаты – шығарманың жанрлық табиғатын, баяндаушы позициясын, дерек пен көркемдік арақатынасын, фокализация мен мекеншақ қызметін айқындау. Хикаяда баяндау тарихи ақпаратты тізбектеумен шектелмей, оны сұрыптау, салыстыру, түсіндіру және бағалау арқылы авторлық пайым қалыптастырады. Осы тұрғыдан баяндаушы бейтарап хабаршы емес, тарихи танымды бағыттаушы зерттеуші субъект ретінде көрінеді. Мәтінде «авторлық біз» формасының қолданылуы, сұрақ қою, дәлел ұсыну, жоғалған немесе күмәнді деректерге қатысты пікір білдіру сияқты тәсілдер метабаяндау элементтерін күшейтеді. Шығарманың композициясы да классикалық оқиғалық желіге емес, тарихи мәселені кезең-кезеңімен ашатын дәлелді құрылымға негізделген. Туындыда дерек, интерпретация және көркемдік амал өзара тұтасып, оқырман қабылдауын ұйымдастыратын күрделі баяндау құрылымын жасайды. Сондықтан шығарма қазақ тарихи прозасындағы деректі хикая жанрының нарратологиялық мүмкіндігін танытатын маңызды туынды ретінде бағаланады. Зерттеуде нарратордың тарихшы-дерекші, түсіндіруші, бағалаушы және әңгімеші қызметтері жіктеліп, олардың мәтін ішіндегі көрінісі нақты мысалдармен айқындалады. Макросюжет деңгейінде шығарма Шыңғыс хан дәуірін туғызған өркениеттік, этникалық және саяси кеңістікті құраса, микросюжеттер аңыз, реплика, мінездеу және символдық детальдар арқылы негізгі ойды тереңдете түседі. Зерттеу нәтижелері қазақ тарихи прозасындағы деректі жанрды нарратологиялық тұрғыдан талдауға, авторлық модальділік пен дерек ұйымдасуының ұлттық әдебиеттегі қызметін тануға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** Шыңғыс хан, нарратология, баяндау құрылымы, фокализация, тарихи деректі хикая.

**Түсті:** 20.03.2026; **Жөнделді:** 29.05.2026; **Мақұлданды:** 16.06.2026; **Онлайн қолжетімді:** 30.06.2026

---

## **Кіріспе**

Қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыпты көркемдік-танымдық тұрғыдан игеру үрдісі ұлт жадын жаңғырту, тарихи тұлға феноменін қайта пайымдау және дерек пен интерпретация арақатынасын таразылау бағыттарымен сабақтасып келеді. Осы үдерістің көрнекті үлгілерінің бірі – М. Мағауиннің «Шыңғыс хан» тарихи деректі хикаясы. Туындының жанрлық табиғаты оның нарративтік құрылымына тікелей ықпал етеді. Мұнда баяндау оқиғаларды көркем қиялға сүйеніп еркін құрастырудан гөрі дереккөзді алға шығару, тарихи ақпаратты сұрыптау, салыстыру, түсіндіру арқылы тұтас авторлық пайым қалыптастыру сипатымен ерекшеленеді. Сондықтан «Шыңғыс хан» шығармасының мәтінін талдауда фабулаға ғана емес, сол фабуланы құрайтын баяндау тәсілдеріне, яғни деректің мәтінде берілу ерекшеліктеріне, авторлық дауыс пен бағалау жүйесіне, дәлелдеу мен интерпретацияның көрінісіне назар аудару ғылыми тұрғыдан өзекті.

Тарихи деректі хикаяның поэтикасы дәстүрлі тарихи прозадан бірқатар белгілерімен ерекшеленеді. Біріншіден, баяндаудың «ақпарат жеткізу» қызметі күшейіп, мәтіннің ішкі логикасы көбіне дәлелдеуші-талдаушы сипатқа ауысады. Автор тарихи деректерді келтірумен шектелмей, олардың мағынасына түсіндірме береді, қайшылықты тұстарын таразылайды, белгілі бір концептуалдық қорытындыға жетелейді. Екіншіден, баяндау жүйесінде тарихнамалық дискурс элементтері дерекке сілтеме жасау, салыстырмалы талдау, пайымдау көрініс тауып, көркем мәтін мен ғылыми мәтін арасы жақындай түседі. Үшіншіден, тарихи тұлғаны танытуда мифологемалық қабат пен идеологиялық штамптардан арылуға ұмтылыс байқалып, нарратордың позициясы тек бейтарап бақылаушы емес, тарихи танымның бағдарын айқындайтын интерпретатор ретінде көрінеді. Демек бұл туындыдағы баяндау – тарихты «айту» ғана емес, тарих туралы ойлау, яғни дерекке сүйенген пайым арқылы оқырман қабылдауын ұйымдастыру құралы.

## **Зерттеу материалы мен әдістері**

Зерттеу материалы ретінде М.Мағауиннің «Шыңғыс хан» деректі тарихи хикаясының бірінші бөлімі таңдалды. Бұл деректі тарихи туынды, оның жанрлық табиғаты мен баяндау ерекшеліктері арқасында зерттеу объектісіне айналды. Туындының құрылымы мен баяндау әдістері арқылы тарихты түсіндірмелі түрде қайта жаңғырту, авторлық пікірді білдіру, дереккөздердің маңыздылығын көрсету секілді мәселелер қарастырылған.

Зерттеу әдістері ретінде негізінен үш негізгі нарратологиялық әдіс қолданылды: сюжеттік талдау, баяндау инстанциясы тұрғысынан талдау, фокализациялық талдау. Бұл әдістер арқылы біз тек мәтінді талдап қана қоймай, оның ішіндегі терең мағыналарды, құрылымдық және риторикалық ерекшеліктерді ашуға тырыстық. «Шыңғыс хан» хикаясындағы баяндаудың жанрлық және нарратологиялық құрылымын толықтай ашып, автордың тарихи деректерді көркем шығармамен үйлестіргенін сараптадық.

## **Нәтижелер мен талқылау**

М.Мағауиннің «Шыңғыс хан» деректі тарихи хикаясының баяндау жүйесін талдау үшін ең әуелі мәтіннің жанрлық жүйесін нақтылап алу қажет. Зерттеушілер бұл еңбектің айрықша белгісі ретінде көркемдік баяндауды тарихи дерекпен «қос арнада» жүргізу

---

тәсілін атайды. Бір жағынан, автор оқырманға дерекнама ұсынып, әр қорытындысын дәлелдеуге ұмтылады. Екінші жағынан, А.М.Дәлелбекқызының айтуы бойынша сол деректерден «заман тынысын», кеңістік-уақыт панорамасын түзіп, тарихи болмысты «оқылатын мәтінге» айналдырады (Дәлелбекқызы, 2024: 136). Шығармадағы автордың «...көп шығарманың тиянақ-тұғыры – нақты құжат, дерек болуы заңды... тарихи жәдігер атаулы – саусақпен санауға келмейді...» деген тұжырымы баяндау модальдігін бірден айқындайды (Мағауин, 2011). Мұнда баяндаушы өз-өзін көркем қиялдың еркін баяндаушысы емес, дерек тапшылығын мойындай отырып, дерекке сүйенетін зерттеуші-баяндаушы ретінде орнықтырады. Осы тұста мәтіннің нарратологиялық сипаты айқындалады. Деректі хикаяда оқиғаны айту шарттарын көрсету негізгі баяндау механизміне жатады. Демек шығарманың «нарративі» тарихи хроникаға ұқсап кетпейді, керісінше тарихнамалық дискурс көркем нарративке айналғанда пайда болатын «аралық форма» қалыптасады.


Тарихи прозада автордың «көлеңкеде» қалуы жиі ұшырасса, бұл шығармада керісінше баяндаушының дауысы анық көрініп, оқырманға өзінің зерттеу әрекетін танытып отырады. Бұны зерттеушілер автордың әр кітап сайын өзінің «мақсатын, көзқарасын оқырманға ескертіп отыратын» әдетімен байланыстырады (Дәлелбекқызы, 2024: 138). Мәтіндегі «біз» формасы осы авторлық инстанцияны күшейтеді. Мәселен, Шыңғыс ханның туған жерін нақтылау эпизодында: «Сонымен, біз Шыңғыс хан... туды деп санаймыз» деген синтаксистік құрылым көрінеді (Мағауин, 21). Бұл – нарратология тілінде авторлық-бағалаушы позициясының дискурсқа тікелей шығуы. Яғни баяндаушы өзінің қорытындысын «оқиға ішіндегі кейіпкердің көзімен» емес, мәтіннен тыс тұрған зерттеуші субъект ретінде жария етеді. Осы «ашық баяндаудың» нәтижесі екі жақты:

- мәтіннің сенімділік әсері;

- «көркем иллюзия» әлсіреп, орнына дәлелдеу-түсіндіру-түйіндеу логикасы келеді.

«Шыңғыс хан» тарихи деректі хикаясында нарратология маңызды, өйткені мұнда деректің дәлдігін қамтамасыз етуге ұмтылыс, яғни жылнамалар, даталар, дереккөздер және сол деректерді оқырманға қабылдатуудың көркем-риторикалық тәсілдері бір мәтінде тоғысады. Шығарма мәтіні таза ғылыми зерттеу де емес, таза көркем роман да емес. Автор өзі айқындағандай, шығарманың жанры – «деректі тарихи хикая». Яғни бұл шығарманы будан жанр деп тануға да болады. Бұған шығармадағы тарау атаулары дәлел бола алады: «Далалық Еуразия» (кеңістік-тарихи панорама), «Дерекнама және зерттеу» (метадискурс, дерек пен әдіске түсінік), «ата-тек», «ру-тайпалар», «мөр-тамға», «ата мәнісі», «көшпенділер болмысы», «тақау көршілер» сияқты тақырыптар оқиғалық желіден гөрі түсіндірмелі-энциклопедиялық желінің басымдығын көрсетеді. Бұл композицияның «контекст құру» принципіне негізделгенін аңғартады. Мұндай композицияны нарратологияда «аргументативті сюжет» деп сипаттауға болады. Мұнда шиеленіс «оқиғада» емес, «тарихи мәселені шешуде» құралады (Genette, 1980: 25-27). Оқиға алдымен кеңістік координатасы арқылы беріледі. Еуразияның шекарасын Үлкен Хиңганнан Карпатқа дейін бір сөйлемге сыйғызу – хронотопты бірден кеңейтетін дискурстық амал. Мұнда баяндаудың «кеңістікке салу» тәсілі М.Бахтин айтатын хронотоптың жанрды анықтайтын күшін еске салады. Кеңістік пен уақыт байланысы жай фон емес, оқиғаның құрылымдық өзегіне айналады (Бахтин, 121-122). Төмендегі сызбада 1-кітаптың композициялық сатысы көрсетілген.

## 1-сызба. «Шыңғыс хан және оның заманы» хикаясының мазмұны



Композициядағы осы логика мәтінді хроника мен зерттеудің қосындысы ретінде танытады. 2-тараудың «дерекнама» аталуы – мәтіннің өз-өзіне рефлексия жасайтын дискурстық қабаты барын көрсететін негізгі белгі. Бұл нарратологияда метабаяндау элементіне жақын (Genette, 1980: 25-27). «Шыңғыс хан және оның заманы» хикаясынан баяндаудың мынадай түрлерін байқаймыз:

- Хронологиялық (тарихи) баяндау. Мәтін тайпалық кезеңнен, Түрік қағанаты дәуірінен бастап жүйелі хронологияға сүйенеді. Бұл оқиға әлемін бірден ұзақ дәуірге таратып, дискурстың «жинақтау» режимін күшейтеді. Нарратологияда бұл – түйіндей баяндау және эллипсис (аралық кезеңді өткізіп жіберу) арқылы «ғасырларды аз сөйлемге сыйдыру» операциясы ретінде түсіндіріледі (Genette, 1980: 25-27). Шығармадан үзінді келтірер болсақ:

«Алып, біртұтас Еуразия құрлығының орталық ендігі – Қиыр Шығыста көлденеңдей шұбатылған Үлкен Хиңган жоталарынан Батыстағы доғалай иілген Карпат тауларына дейінгі, түстікте зеңгір, орманды қалың жынысқа тіреліп шектелетін, аумағы әлденеше мың шақырымдық ұланғайыр аймақ – өзінің айрықша сыпатымен ерекшеленеді» (Мағауин, 1). Көріп тұрғанымыздай, бір сөйлемнің өзі көлемді, құрмалас типті сөйлем. Бірнеше ақпарат бір сөйлемнің ішіне сыйып кеткен. Баяндау тарихи хронология бойынша жүзеге асады.

- Деректік баяндау. Автор өзінің шығармасында миләдиге дейін сөзді қысқартып «м.д.» көп қолданады. Айта кету керек, «миләдиге дейінгі» сөздің мағынасы араб тілінен аударғанда «біздің заманымызға дейін» дегенді білдіреді. Қытай жылнамаларына сілтеме

---

жасау, яғни миләдиге дейінгі нақты 350; 552; 552-576 жылдардың берілуі «ғылыми дәлел» эффектiсiн тудырады, сөйтiп мәтiннiң сенiмдiлiгiн арттырады. Мысалы, «Ежелгi қытай жылнамаларында м.д. 350 жылдан бастап айрықша қуатты ғұн (хунну, сюнну) тайпалары туралы нақтырақ айтылады». «Көп ұзамай-ақ ежелгi Ғұн империясының қоныс-мекенi түгелдей Түрiк қағанатының құрамына енедi. Ұласу, ұйысу мұнымен ғана шектелмейдi. 552 жылы дүниеден өткен Бұмын қағанның туған iнiсi, серiктес сыңар Естеми қаған (552-576) Батысқа жорық ашады» деген үзiндiлердегi баяндаушының функциясы-оқиғаны айту ғана емес дерекпен негiздеу (Мағауин, 24). Шығармада уақыт деректерi молынан кездеседi: тайпаның, қағанаттың билiк еткен жылдары, қағанның, ханның билiк жүргiзген уақыты тарихи деректермен астасып отырады. Мәселен, таза көркем шығармада уақыт детальдi түрде анық көрсетiле бермейдi. Уақыт өлшемі эпикалық күйге енетiн болса, бұл шығармада уақыт шектеуi анық, айқын шекараланған.

- Аңыздық эпизод енгiзу. Тарихи хронологияның арасында «қаншық бөри баланы асырап қалады» типiндегi мифемалық эпизод берiледi. Бұл – дискурстағы жанрлық «ауысу» арқылы ұлттық-мәдени жадыны iске қосатын амал. Оқырман үшiн «адам-табиғат-бөри» мотивi этногенездiк мифтермен байланысатын күштi семантикалық кодқа айналады. Мұндай эпизодты құрылымдық тұрғыдан Пропп «сынақтан аман қалу/құтқарылу» тәрiздi функциялар деп түсiндiредi (Propp, 8-10). Тарихи баяндау арасында аңыздық әңгiмелеу элементтерi де кездеседi: ...Тiрi қалған бала – тоғыз жасар екен, жау әскерi басын кеспей, екi аяқ, екi қолын қатарынан шауып, қоғалы көл жағасына тастап кетедi. Баланы көрген құртқа, яғни қаншық бөри жалап, жарасын жазады, ет әкеп берiп, аштықтан құтқарады (Мағауин, 187).

- Төл сөз (диалог) және сахна эпизоды. Автор сөзi мен төл сөз үлгiсiндегi баяндау. Көркем мәтiн элементтерi мұндай баяндауларда анық көрiнедi. «Қонақ күтеміз деп қамданып едiк, ендi ерулiгiмiздi өзiмiз жейiк», - дейдi қатты киiген Таян» (Мағауин, 295). Мұндай реплика баяндауды «деректiк түсiндiрмеден» көркем сахнаға ауыстырады. Нарратологияда бұл сахна режимiне ұқсас. Уақытты өзгертпей сөйлесiм арқылы қазiр болып жатқандай әсер бередi (Genette, 1980: 32).

- Авторлық пайым, сұрақ қою, зерттеу үдерiсiн көрсету. Пайымдау, автор модальдiлiгi, сұрақ қою, жауап iздеу әрекеттерi кездеседi. «Азғана ойландық. Шыңғыс ханның мөрiнiң мәтiнi – түрiк тiлдi. Түрiк тiлдi! Сонда... не болып шықты?... Ары қарай тексере бастаған кiсiнiң басы қағырып, мыйы айналып кетуi мүмкiн». Мұндай типтегi құрылымдар мәтiннiң «зерттеу лабораториясын» сахналап, оқырманды iзденiс үдерiсiне ортақтасуға шақырады. Бұл жерде нарратор «тарихшы» ғана емес, «iзденушi субъект» ретiнде дараланады. Автор өзiнiң ойын, көзқарасын ортаға салады. «Бiздiң жоғалтатын ештеңемiз жоқ. Қалай жазсақ та, не айтсақ та, ауыл арасында қалады. Сондықтан iркiлмедiк. Тым қатты болмаса да, тереңге бармай-ақ берiден қайырып, шолақ ақылға саламыз» (Мағауин, 382).

Сондай-ақ М.Мағауиннiң баяндау ерекшелiгiнiң өзегi – интермәтiндi деректер. Айқындама сөзде Жувәйни мен Рәшид-әд-Дин еңбектерiн «өзгеше екi еңбек» деп бөлiп көрсетуi – автордың дерек беделiн «иерархиялау» тәсiлi (Дәлелбекқызы, 2023: 136). Бұл жерде «оқиға» емес, деректiң статусы әңгiменiң басты нысанына айналады: қай дерек толық, қайсысы күмәндi, қайсысы сырт көз танымымен жазылған. Зерттеушiлер Дәлелбекқызы мен Йылдыз, 2022 мақаласында автордың еуропалық деректердi талдап

---

отырып, олардың «шет жұрттық көзқараста жазылғанын», ал негізгі айғақтың «далалық дерек» екенін баса айтады. Бұл – баяндаудағы аксиологиялық (бағалау) қабат.

Баяндаушы деректі «жай мәлімет» ретінде бермейді, оның дүниетанымдық негізін де ашып, оқырманның қабылдауын бағыттайды. Мысалы, «Алтын дәптер» туралы өкініш білдіру эпизодында: жоғарыдағы авторлар «...ең құнды жәдігер... «Алтын дәптердің» елесі ғана қалған...» тәрізді сөйлемдер дерек тапшылығын эмоциялық модальдікпен ұштастырады. Нарратологиялық тұрғыдан бұл – эпистемалық шектеуді мәтіннің өзіне енгізу. Яғни баяндаушы «бәрін білемін» демейді, керісінше білмеудің, жоғалған деректің орнын ашық көрсетеді. Мұндай ашықтық деректі хикаяға тән «ғылыми адалдық» эффектісін күшейтеді. Бұл шығармада сюжет екі қабатта көрінеді:

Макросюжет – Шыңғыс хан феноменін түсіндіруге қажет әлемді құрастыру. Еуразия кеңістігі, дерекнамалық негіз, этникалық-тайпалық құрылым, билік-таңба символикасы, мәдени болмыс, көршілермен қатынас жүйесі арқылы Шыңғыс хан пайда болатын тарихи сахнаны құрады. Бұл – дәстүрлі романдағыдай бір кейіпкердің оқиғасы емес, тарихи контексті «жинау» арқылы дәлелдеу сюжеті.

Микросюжеттер – аңыздық құтқарылу эпизоды, диалогтық сахна, автордың өз позициясын ашық айтуы сияқты фрагменттер. Бұлар негізгі деректік желіні эмоциялық, мәдени, бағалаушы қабатпен толықтырады. Осы құрылым шығарманың сюжеттік табиғатын «мән-мағына құрау» деп тануға мүмкіндік береді. Бір тарауда география, келесі тарауда дерекнама: бұлар – оқиға емес, бірақ сюжеттің дискурстық сатылары (Лотман, 1970: 29). М.Мағауин бұл шығармада оқиғаға тікелей қатыспайтын, бірақ тарихты түсіндіретін сыртқы баяндаушы ретінде көрінеді. Мұндай позиция Ж.Женетт сипаттайтын «нарратив дискурсы» ұғымына тән. Мәтін бізге оқиға әлемін емес, сол әлем туралы әңгімелеу формасын береді (Genette, 1980: 32). Бірақ мәтінде: «Біздің... іркілмедік...» сияқты бірінші жақ көпше («авторлық біз») формасы да кездеседі. Бұдан мынаны байқауға болады: нарратор өзін «жасырын» ұстамай, зерттеуші субъект ретінде көрсетеді; ғылыми стильдегі «академиялық біз» әсерін береді, бірақ толық ғылыми қатаңдық сақталмай, публицистикалық ашық үнге ауысады. Р.Кенан мәтіндегі «кім көреді?», «кім айтады?» түсініктерін баяндаудың шегімен, яғни фокализациямен байланыстырады (Rimmon-Kenan, 1983: 74). Бұл шығармадағы деректік бөлімдерде фокализация көбіне сыртқы формада баяндалады. Аңыздық эпизодтарда фокализация мифтік әлемге ауысып, оқиғаны этномифологиялық көзбен көру логикасы күшейеді. Диалогта фокализация кейіпкерлік позицияға жақындап, сахналық әсер береді. Баяндаушы романда жай ғана әрекет етуші тұлға ретінде қызмет атқарады, ол фокализация деңгейін оқиғамен үйлестіреді және оның фокализаторын баяндаушы мен кейіпкердің арасына орналастырады (Жорашова және т.б., 2025).

Авторлық модальділік және риторика. Мұны баяндау теориясында модальділік және метадискурстық маркерлер ретінде сипаттауға болады. Бұл тәсіл мәтінді дерек беретін хроникадан айырып, ғылыми-публицистикалық сендіру дискурсына жақындатады. Автор мұнда үйретуші, дерек келтіруші, тарихшы, ұстаз, абыз ақсақал бейнесінде көрінеді. Түркі халқының шығу тегін баяндай отырып, рулардың, тайпалардың шығу тегін абыз қарттай жан-жақты түсіндіреді. Өз пайымы мен ойын ортаға салады. Ара тұра эмоциясын да жеткізеді. Автор модальділігі да сөз қолданыстарынан, қыстырма құрылымдарынан анық байқалып отырады.

Төмендегі кестеде нарратордың функцияларын жүйелеп көрсетеміз (1-кесте):

## 1-кесте. Нарратор функциялары

Нарраторлық функция	Мәтіндегі белгілері	Нарратологиялық түсіндірме	Мақсаты/әсері
Тарихшы-дерекші	Жылдар, қағандардың билік мерзімі, тайпалардың өмір сүрген кезеңі, оқиғалар болған даталар т.б.	Дискурстың деректік коды; «объектив» тон	Сенімділік, дәлелділік
Зерттеуші субъект	«Ойландық... тексере бастаған...»	Метабаяндау; баяндау актісін сахналау	Оқырманды ізденіске шақыру
Ұстаз/түсіндіруші	Рулардың шығу тегі, ата мәнісі, көшпенді болмысын тарқату	Дидактикалық дискурс	Білім беру, жүйелеу
Публицист/бағалаушы	Бағалаушы сөйлемдер, эмоция	Модальділік, авторлық позиция	Ықпал ету, бағыттау
Әңгімеші-көркемдеуші	Аңыз эпизоды, диалог	Сахналау, мифтік код; жанрлық ауысу	Эмоция, мәдени жады

Мекеншақтың ұйымдасуы. Мәтін басынан географиялық кеңістікті «ұланғайыр аймақ» ретінде бір сөйлемде түйістіріп, оқырманды кеңістікке «орналастырады». Мұндай тәсіл хронотоптың дискурстық қызметін күшейтеді. Кеңістік оқиға болатын сахна ғана емес, тарихи түсіндірудің аргументіне айналады (Бахтин, 1975: 121-122). Ю.Лотманның көркем мәтін «әлемнің көркем моделін» жасайды деген пікірімен байланыстырсақ, мұнда география – тарихи нарративтің семиотикалық моделі. Кеңістік шекарасы саяси-мәдени динамиканы түсіндіруге қызмет етеді (Лотман, 1970: 29). Бұл мәтінде уақыт шекарасы айқын көрсетіледі. Мұндай дәл хронология көркем прозада жиі «эпикалық уақытқа» айналып кетсе, мұнда керісінше зерттеушілік дәлдік алға шығады. Нарратологияда бұл дискурстың референциалдық режимін күшейтеді. Мәтін болған әлемді қайта құрастыруға ұмтылады әрі оны даталармен бекітеді (Genette, 1980: 32). Сонымен бірге көптеген ғасырлық оқиғалар сөйлемге сыйғызылғандықтан, баяндау «сығымдау» арқылы жүреді. Осының салдарынан оқиға бірінен соң бірі өрбіп кетпей, көбіне тақырыптық-энциклопедиялық блоктарға бөлінеді.

Стильдер тоғысы: ғылыми, публицистикалық, көркем. Бұл шығармада ғылыми мәтін тілі секілді қатаң стиль сақталмайды. Автор мұнда сипаттамалы сөздерді, метаформалар мен көркемдік тәсілдерді де мол қолданады. Алайда оқиғаны баяндау қалыпты көркем проза жанрына тән емес. Өйткені оқиға, сюжет бірінен соң бірі өрбіп отырмайды. Баяндау тілі әдеби шығармаға тән болғанымен, уақыт пен кеңістік, оқиға жүйесі дерекнамаға сүйенеді, тарихи хронологияны сақтайды. Сыртқы формасына қарағанда ғылыми мәтінге ұқсағанымен, баяндау тілі әдеби шығарма екенін айқындайды. Мәтінде үш стиль қатар жүреді: ғылыми (дерек, жыл, атау), публицистикалық (бағалау, ықпал), көркем (метафора, аңыз, диалог). Бұл үш стильдің механикасын төмендегі сызба арқылы көрсетуге болады (2-кесте):

## 2-кесте. «Шыңғыс хан және оның заманы» хикаясының стильдік жүйесі

Деректік хроника	жыл, жылнама, дәл сілтеме
Түсіндірме дискурс	анықтау, жүйелеу
Көркем қабат	аңыз, диалог, метафора
Оқырман әсері	сенім + қызығу + ұлттық жады

---

Мұнда көркем тәсілдер (бейнелі сөз, аңыз, диалог т.б.) деректік хронологияны құрғақ ақпаратқа айналдырмай, қабылдауды жандандырады. Яғни көркемдік – мұнда мақсат емес, деректік баяндаудың қабылдануын күшейтетін құрал.

М.Мағауин баяндауында уақыт тек «оқиға реті» емес, мәдени-есептік жүйелердің қиылысы ретінде көрінеді. «Темужін сәби» бөлімінде туған күнді көрсету үшін хижра есебін, айлық бөліністі және қазіргі күнтізбелік сәйкестікті қатар қолдануы осыны дәлелдейді (Мағауин, 16). Мұнда автор уақытты «көркем белгі» емес, деректік өлшем ретінде сөйлетеді. Сонымен бірге «дала рәсімінде... тоғыз ай – бір жас есебінде» деген түсіндірме уақыттың этномәдени түсінігін қосады (Мағауин, 17). Зерттеуші Қ. Алпысбаев эпостағы уақытты «тарихи уақыт» және «эпикалық уақыт» деп ажыратып, тарихи шығармада осы екі қабаттың бірін бірі толықтыратынын атап көрсетеді (Алпысбаев, 123). М.Мағауинде осы қос қабат нақты байқалады:

- тарихи уақыт: жыл, ай, дереккөздегі даталар, жорық кезеңдері;

- эпикалық/ментальді уақыт: «ұлы дала» кеңістігіндегі дәстүр, ру-тайпа тарихының ұзақ толқыны, көшпелі танымның уақытқа қатынасы. Осы жерде «мекеншақ» категориясы шешуші болады. М.Мағауин бұл тұрғыдан кеңістік пен уақыт түрлерін еркін пайдалана алған (Дәлелбекқызы, 2023: 136). Нәтижесінде баяндау күнтізбелік хроникаға айналмайды: уақыт кеңістікпен бірге «жүріп отырады» (Онөн өзені, Бұрқан-Қалдұн, Ұлы дала, көрші мемлекеттер т.б.), ал кеңістік уақыт арқылы тарихи мәнге ие болады. М.Мағауин хикаясында кеңістік көбіне «оқиға фоны» емес, тарихи түсіндіру құралы ретінде көрінеді: ру-тайпа құрылымы, көшпелі салт, көрші өркениеттердің шекарасы – бәрі кеңістік арқылы көрсетіледі.

«Далалық Еуразия» тарауының көшпелілердің заң-дәстүр, шаруашылық, салт-ғұрып қазығын көрсетеді. Бұл баяндау тәсілін шартты түрде «картографиялық наррация» деуге болады. Оқырман кеңістікті «көріп» қана қоймай, кеңістіктің ішіндегі әлеуметтік-мәдени жүйені оқиды. Мұндай тәсіл деректі тарихи хикаяға сай келеді, себебі тарихтың көп бөлігі кеңістік арқылы дәлелденеді (қоныс, шекара, өзен, тау, көрші ел қатынасы).

М.Мағауин мәтіні бір ғана фокализациямен шектелмейді. Зерттеуші А. Дәлелбекқызы өзінің 2023 жылғы жазған мақаласында «Шыңғыс хан тарихнамасының... түсіндірме кілтін жасайтыны», яғни кейіпкер дүниеге келмей тұрып-ақ дәуір панорамасын беретіндігін айтады. Бұл – панорамалық фокализация. Ал екінші кітапта Темужіннің балалық шағы, күресі, билікке келуі суреттеледі. Бұл жерде биографиялық фокализация күшейеді. Тарихи тұлға дәуірдің «өнімі» ретінде нақты әрекеттер мен шешімдер арқылы көрінеді. Бұл ауысу – баяндаудың динамикалық механизмдерінің бірі. Зерттеушілер А. Дәлелбекқызы мен Йылдыз М.Мағауин баяндауындағы стильдік ерекшелікті диалог, монолог, көркем портрет сияқты көркемдік тәсілдердің болуымен және соның өзінде деректілік арқауының сақталуымен байланыстырады (2022: 142). Бұл шығарма мәтіні тек ақпарат бермейді, ақпараттың әсер етуін күшейтетін көркемдік амалдарды да қолданады. Бірақ көркемдік еркіндік тарихи дәлелдің шеңберінен шықпайды. Е. Тілешов дәстүр мен жаңашылдықтың диалектикасын әдеби үдерістің «қозғаушы күші» ретінде сипаттайды (Тілешов, 2015: 143). М.Мағауиннің «Шыңғыс хан» шығармасындағы жаңашылдық тарихи тақырыпты тек жаңа деректермен жеткізуінде ғана емес, сонымен қатар оны ерекше баяндау тәсілімен беруінен де көрінеді. Автор оқырманды көркем әлемге енгізбес бұрын деректі нақты негізде береді, алайда оны құрғақ ғылыми трактатқа айналдырмайды. Осы тұрғыдан алғанда, М.Мағауиннің тарихи материалды игеруі, өмірлік шындықты көркем шындыққа айналдыру әдістері және мәтіндегі уақыт сабақтастығы біртұтас жүйе ретінде ұйымдастырылған деп бағалауға болады. Бұл

---

бағалау «Шыңғыс хан» хикаясының басты бағдарын ашады. Жазушы үшін тарих – өткен шақтағы дерек емес, қазіргі ұлттық санаға қатысы бар мағына. Сондықтан баяндаудағы негізгі бағыттар:

- тарихи тұлға мен ұлт тарихының байланысын көрсету;
- көшпелі өркениеттің мәдени-ментальді логикасын дәлелдеу;
- дерек пен пайымның шекарасын ажыратып көрсету екені айқын.

### **Қорытынды**

Шығармада оқиға тарихи-хронологиялық және дерекнамаға сүйенген экспозиция арқылы беріледі: кеңістік панорамасы, нақты даталар мен, мәдени-әлеуметтік жүйелеу, яғни тайпа, ата-тек, болмыс басым. Сонымен қатар баяндауға аңыздық эпизод және диалог қосылып, көркем қабат жасайды. Ал сюжеті классикалық көркем прозаға тән «оқиғалық тізбек» емес, аргументативті-түсіндірмелі сюжет болып табылады. Бұл сюжет дискурс деңгейінде «дәлел жинау, жүйелеу, пайым жасау» арқылы өрбиді. Осылайша «Шыңғыс хан» шығармасының бірінші кітабы нарратология тұрғысынан полистильді, көпқабатты тарихи-деректі нарратив деуге болады. Баяндаушы деректермен сөйлейді, бірақ оқырман қабылдауын күшейту үшін көркем модальділік пен мифтік кодты да пайдаланады.

### **Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

### **ЖИ құралдарының қолданылуы**

Жасанды интеллект құралдары мәтіндегі жекелеген тіркестердің редакциялық баламаларын салыстыру, библиографиялық мәліметтерді талапқа сай рәсімдеу, транслитерация жүргізу және халықаралық дәйексөз келтіру стандартына (APA) сәйкестендіру мақсатында ішінара пайдаланылды.

**Авторлардың қосқан үлесі. Ильясова Гүлден Жеткергенқызы** – зерттеу тақырыбы мен мақсатын анықтап тұжырымдамалық негізін жасады. Ғылыми әдебиеттерге шолу жасап, зерттеудің теориялық бөлігін жазды. Тарихи деректі хикаядан нақты мысалдар терді. Мысалдарды әдеби тұрғыдан талдады. Мақаланың құрылымын жоспарлап, аңдатпасын, қорытындысын жазды. Пайдаланған әдебиеттер тізімін рәсімдеді. **Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлы** – зерттеу материалдарын жинақтады. Әдеби талдау жүргізді. Зерттеудің әдістемелік бөлігін, нәтижелер мен талқылау бөлігін жазды. Зерттеудің терминологиялық бірізділігін қадағалады. **Рахымбаева Гауһар Қинаятқызы** – Зерттеу материалдарын талдап, қорытынды жасауға және мақаланы рәсімдеуге өз үлесін қосты.

Авторлар зерттеу жұмысының мазмұны мен нәтижелеріне толық жауапкершілік алып, мақаланың соңғы нұсқасын жариялауға бірауыздан келісім берді.

### **Әдебиеттер тізімі**

Алпысбаев, Қ. (2008). Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным мен көркемдік. Алматы: «Таймас».

Бахтин, М. М. (1975). Формы времени и хронотопа в романе. В Вопросы литературы и эстетики. Москва: «Художественная литература».

Дәлелбекқызы, А. (2023). Тарихи прозадағы уақыт пен кеңістік интеграциясы. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, 1(189), 134–146.

---

Дәлелбекқызы, А. М. (2024). Мағауиннің «Шыңғыс хан және оның заманы» тарихи хикаясындағы ұлттық таным көрінісі. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, 1(193), 109–116.

Дәлелбекқызы, А., & Ыылдыз, Н. (2022). Ұлттық таным мен әлемдік қабылдау үндестігі. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, 2(186), 140–147.

Лотман, Ю. М. (1970). Структура художественного текста. Москва: «Искусство».

Мағауин, М. (2011). Шыңғыс хан және оның заманы: Деректі тарихи хикая (Т. 1). Алматы: ЖШС «Дәуір».

Тілешов, Е. (2015). Қайнар: Мақалалар, сұхбаттар. Алматы: «Сардар».

Genette, G. (1980). Narrative discourse: An essay in method (J. E. Lewin, Trans.). «Cornell University Press».

Propp, V. (1968). Morphology of the folktale (2nd ed.). «University of Texas Press».

Rimmon-Kenan, S. (1983). Narrative fiction: Contemporary poetics. Methuen.

Zhorashova, A., Aituganova, S., Baitanasova, K., & Seiputanova, A. (2025). Narrative model in Mukhtar Magauin's novel "Kipchak Aruy". Eurasian Journal of Applied Linguistics, 11(1), 297–306. <https://doi.org/10.32601/ejal.11125>

**G. Zh. Ilyasova<sup>1</sup>, A.D. Altay<sup>2</sup>, G.K. Rakhimbayeva<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup> *L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

<sup>3</sup> *Astana International University, Astana, Kazakhstan*

### **The narrative features of M. Magauvin's "Genghis Khan" historical non-fiction novel**

**Abstract.** This article analyzes the narrative features of the first book of the documentary-historical narrative "Shyngys Khan" by Mukhtar Magauin from the perspective of narratology. The purpose of the study is to determine the genre nature of the work, the narrator's position, the relationship between documentary and artistic elements, as well as the functions of focalization and chronotope. The narrative is based not only on the presentation of historical information, but also on its selection, comparison, interpretation, and evaluation. The narrator acts as a researcher guiding the reader's historical perception. The use of the authorial "we," rhetorical questions, argumentation, and comments on doubtful or lost information strengthens the metanarrative character of the text. The composition is structured not around a classical plot, but around the gradual disclosure of a historical problem. Documentary material, interpretation, and artistic devices form an integrated narrative structure. The study identifies the narrator's functions as historian-documentarian, interpreter, evaluator, and storyteller. The macroplot reconstructs the civilizational, ethnic, and political space of the Genghis Khan era, while the microplots deepen the main idea of the work.

**Keywords:** Genghis Khan, narratology, narrative structure, focalization, documentary-historical narrative.

**Г.Ж. Ильясова<sup>1</sup>, А.Д.Алтай<sup>2</sup>, Г.К. Рахымбаева<sup>3</sup>**

<sup>1,2</sup> *Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

<sup>3</sup> *Международный университет Астана, Астана, Казахстан*

### **Особенности повествования в историческом документальном романе М. Магауина «Чингисхан»**

**Аннотация.** В статье с позиций нарратологии анализируются особенности повествования первой книги документально-исторической повести Мухтара Магауина «Шыңғыс хан». Цель исследования – определить жанровую природу произведения, позицию повествователя, соотношение документального и художественного начал, а также функции фокализации и

---

хронотопа в организации повествовательной структуры текста. В работе используются методы нарратологического и структурно-семантического анализа, позволяющие выявить особенности построения исторического повествования.

Повествование строится не только на изложении исторических сведений, но и на их отборе, сопоставлении, интерпретации и оценке. Повествователь выступает как исследователь, направляющий историческое восприятие читателя. Использование формы «авторского мы», постановка вопросов, приведение доказательств и комментарии к сомнительным либо утраченным сведениям усиливают метаповествовательный характер текста. Композиция произведения основана не на классической сюжетной линии, а на поэтапном раскрытии исторической проблемы. Документальный материал, интерпретация и художественные приемы образуют целостную повествовательную структуру. В исследовании выделяются функции нарратора как историка-документалиста, интерпретатора, оценщика и рассказчика. Установлено, что макросюжет воссоздает цивилизационное, этническое и политическое пространство эпохи Чингисхана, а микросюжеты углубляют основную идею произведения и способствуют раскрытию авторской концепции истории.

**Ключевые слова:** Чингисхан, нарратология, повествовательная структура, фокализация, историческое документальное повествование.

### References

- Alpysbayev, Q. (2008). *Historical Works in Kazakh Literature: Cognition and Artistic Representation*. Almaty: "Taimas".
- Bakhtin, M. M. (1975). Forms of time and chronotope in the novel. In *Questions of Literature and Aesthetics*. Moscow: "Khudozhestvennaya Literatura".
- Dalelbekqyzy, A. (2023). Integration of time and space in historical prose. *KazNU Bulletin. Philology Series*, 1(189), 134–146.
- Dalelbekqyzy, A. M. (2024). Representation of national cognition in Magauin's historical narrative Genghis Khan and His Era. *KazNU Bulletin. Philology Series*, 1(193), 109–116.
- Dalelbekqyzy, A., & Yıldız, N. (2022). Harmony of national cognition and global perception. *KazNU Bulletin. Philology Series*, 2(186), 140–147.
- Lotman, Y. M. (1970). *The Structure of the Artistic Text*. Moscow: "Iskusstvo".
- Magauin, M. (2011). *Genghis Khan and His Era: A Documentary Historical Narrative (Vol. 1)*. Almaty: Daur LLP.
- Tileshov, E. (2015). *Qainar: Articles and Interviews*. Almaty: "Sardar".
- Genette, G. (1980). *Narrative Discourse: An Essay in Method (J. E. Lewin, Trans.)*. Cornell University Press.
- Propp, V. (1968). *Morphology of the Folktale (2nd ed.)*. University of Texas Press.
- Rimmon-Kenan, S. (1983). *Narrative Fiction: Contemporary Poetics*. Methuen.
- Zhorashova, A., Aituganova, S., Baitanasova, K., & Seiputanova, A. (2025). Narrative model in Mukhtar Magauin's novel "Kipchak Aruy". *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, 11(1), 297–306. <https://doi.org/10.32601/ejal.11125>

### Авторлар туралы мәлімет:

**Ильясова Гүлден Жеткергенқызы** – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: [gulden.zhetkergenqyzy@gmail.com](mailto:gulden.zhetkergenqyzy@gmail.com), ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-4743-251X>.

**Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлы** – филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: [akzhol777@mail.ru](mailto:akzhol777@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-9584-5267>.

---

**Рахымбаева Гаухар Қинаятқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Педагогикалық институттың қауымдастырылған профессоры, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: gaukhar.gaua78@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4883-9473>.

**Ильасова Гулден Жеткергенқызы** – corresponding author, PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: gulden.zhetkergenqyzy@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-4743-251X>.

**Алтай Аманжол Дуисенбайұлы** – Doctor of Philology, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: akzhol777@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-9584-5267>.

**Рахымбаева Гаухар Қинаятовна** – Candidate of Philology, Associate Professor, Pedagogical Institute of Astana International University, Astana, Kazakhstan. E-mail: gaukhar.gaua78@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4883-9473>.

**Ильасова Гулден Жеткергенқызы** – докторант PhD, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: gulden.zhetkergenqyzy@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-4743-251X>.

**Алтай Аманжол Дуисенбайұлы** – доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: akzhol777@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-9584-5267>.

**Рахымбаева Гаухар Қинаятовна** – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Педагогический институт Международного университета Астана, Казахстан. E-mail: gaukhar.gaua78@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4883-9473>.



**Copyright:** © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).